



СӨЖ

Тақырыбы: *Бастың милық бөлігі. Миға жалпы шолу.
Ми негізіндегі бассүйек нервтері
түбіршіктерінің топографиясы*

Орындаған: Кангабылов А

Тобы: СТ 15-004-01

Тексерген: Жұмабекова А.

Жоспары:

1. Миға жалпы шолу
2. Ми жүйкелері
3. Үлкен ми сыңарларының жоғарғы латеральды беті
4. Үлкен ми сыңарларының төменгі беті



Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Дайырбекова М.М., ”медицина” баспасы, 2002ж.230-264 беттер.
2. Рақышев А.Р., “кітап” баспасы 2004ж. 110-120 беттер




- Ми- бассүйек қуысында орналасқан және пішіні жалпы алғанда бассүйек қуысының пішініне сәйкес келеді.

Оның жоғарғы латеральды немесе дорсалды беті бассүйек күмбезіне сәйкес дөңес, ал төменгі беті біршама жалпайған тегіс емес.





□ мидың 3 ірі бөлігін ажыратуға болады:



Үлкен ми
cerebrum




Мишық
cerebellum



Ми сабауы
truncus encephalicus






- Екі ми сыңары бір-бірінен сагиталды бағытта өтетін саңылау арқылы бөлінеді.



Fissura longitudinalis cerebri




- Ми сыңарлары бойлық саңылаудың тереңінде өзара дәнекермен – сүйелді денемен(*corpus callosum*) және басқа соның астында жатқан құрылымдармен байланысқан.
- Бойлық саңылау сүйелді дененің алдыңғы жағында өтеді де, ал, артқы жағында, ми сыңаларының артқы бөліктерін олардың астында жатқан мишықтан бөлетін, көлденең ми саңылауына жалғасады. (*Fissura transversa cerebri*)



- Мидың төменгі бетінен үлкен ми сыңарлары мен мишықтың төменгі жағы ғана емес, сонымен қатар ми сабауының бүкіл төменгі беті, сондай-ақ мидан шығатын нервтер де көрінеді.






- Ми жүйкелері сыртқы ортаның алуан түрлі әсерінен күрделі қалыптасқан. Олар мүшелердің жұмысын өзара байланыстырып, қызметін реттеп, организмнің тұтастығын сақтап отырады. Олардың күрделі құрылысы, қызметінің мән-маңызы бұл - жүйкелерді эволюциялық даму кезеңдерінің тұрғысынан қараған жөн.





1



2

3



4

5




Рис. 5. Онтогенез мозга человека (от 1-2 эмбриональных клеток до 10-100 млрд нервных клеток в мозге взрослого человека; время эволюции: в течении 13-17 лет)

от закладки осевого комплекса центральной нервной системы (1), эмбрионального развития (2, 3), до рождения (4) и функционально-морфологического созревания мозга взрослого человека (5).

- Ми жүйкелері ұрық даму кезеңінің 5-6 аптасынан бастап 10 апта аралығына дейін толық қалыптасады.

- Ми бағанының аймағынан белгілі бір тәртіппен шыққан талшықтар жиынтығы *ми жүйкелері* деп аталады. Ми жүйкелері 12 жұп жүйкеден түзілген. Олардың реттік саны рим сандарымен белгіленген. Ми жүйкелерінің аттары атқаратын қызметі мен жүйкелерінің мүшелеріне немесе жүретін жолдарына тікелей байланысты.

- I иіс сезу жүйкесі – n.olfactori
- II көру жүйкесі – n.opticus
- III көз-қимыл жүйкесі –n. oculomotorius
- IV шығыр жүйкесі – n.trochlearis
- V үшкіл жүйке – n.trigeminus
- VI әкеткіш жүйке – n.abducens
- VII бет жүйкесі – n.facialis
- VIII кіреберіс-ұлу жүйкесі – n.vestibulocochlearis
- IX тіл жұтқыншақ жүйкесі – n.glossopharyngeus
- X кезеген жүйке – n.vagus
- XI қосымша жүйке – n.accessorius
- XII тіласты жүйке – n.hypoglossus



Иіс сезу буылтығы

Көру жүйкесі II

Көз-қимыл жүйкесі III

Шығыр жүйкесі IV

Үшкіл жүйкесі V

Өкеткіш жүйкесі VI

Бет жүйкесі VII

Кіреберіс-ұлу жүйкесі VIII

Тіл-жұтқыншақ жүйкесі IX

Кезеген жүйкесі X

Тіласты жүйкесі XII

Қосымша жүйкесі XI

□ Ми жүйкелері құрамы мен атқаратын қызметіне қарай:

- 1) сезімтал;
- 2) қозғалғыш;
- 3) аралас

□ I жұп – иіс сезу жүйкесі

Маңдай үлестерінің төменгі бетінде иіс сезу буылтықтары, (*bulbi olfactorii*) байқалады, оларға мұрын қуысынан торлы сүйектің (*lamina cribrosa*) тесіктері арқылы бассүйек нервтерінің I жұбын, иіс сезу нервтерін түзетін жіңішке нерв жіптері өтеді. (*fila olfactoria*)



□ II жұп – көру жүйкесі

Алдыңғы тесіктелген заттар ортасындағы кеңістікте көру қиылысы жатады. Хиазманың жоғарғы бетінен-Fissura longitudinalis cerebri- тереңіне қарай кететін өте жұқа сұр түсті табақша - lamina terminalis – шығады. Көру қиылысы артында сұр төмпе – орналасады, оның ұшы құйғыш – деп аталатын тар түтікке созылған, бұл түтік түрік ертоқымында орналасқан гипофизге жалғасады. Сұр төмпешіктің артында екі шар тәрізді, ақ түсті дөңестер – емізіктәрізді денелер жатады. Олардың артында едәуір терең аяқшааралық шұңқыр орналасады. Ол бүйірлерінен ми аяқшалары деп аталатын екі жуан білік тәрізді түзіліспен шектелген.



- Мысалы: көру жүйкесі сабағының немесе жүйке аяқтарының толық және жартылай зақымдануына, нұрлы қабақтың жарыққа тітіркену қабілеті нашарлануына, жойылуына байланысты көз жартылай, тіпті мүлдем көрмей қалуы мүмкін.
- Көру жүйкесінің қызметі – көз алмасының сол немесе оң жақ тор қабықшасына түсетін сәулені қыртысасты орталығына өткізу. Осыған байланысты оң жақ көру жүйкесі жолының зақымдануы әсерінен тор қабықшасының сол жақ бөлігіне түсетін сәуле жолдары әлсірейді.



Шұңқырдың түбі тамырларға арналған тесіктермен торланған, сондықтан артқы тесіктелген зат деп аталады. Оның қасында, екі ми аяқшасының медиалды жиегінің жүлгесінен бассүйек нервтерінің III жұбы көз қозғалтқыш жүйкесі шығады. Оның қозғалғыш орталықтары екі ядродан тұрады: соматикалық қозғалғыш ядро, парасимпатикалық немесе Якубович-Эдингер-Вестфаль ядросынан тұрады. Бұл ядролар ортаңғы мидың терең қабатында орналасқан.



- Көз шарасының ішінде бұл жүйкелердің соматикалық ядросының жүйке талшықтары жоғарғы және төменгі бұтақтарға бөлінеді:
- а) көз қимыл жүйкесінің жоғарғы бұтағы көз шарасының ішінде бірнеше майда кішігірім бұтақтарға бөлініп, көз алмасының жоғарғы, төменгі, ішкі тік еттері мен төменгі қиғаш етін жүйкелендіреді;
- б) көз қимыл жүйкесінің төменгі бұтақтары күрделі. Себебі, соматикалық қозғалтқыш және парасимпатикалық жүйке талшықтарынан құралған. Соматикалық қозғалтқыш ядроның жүйке талшықтары көз алмасының төменгі тік етін, көз алмасының медиалды ішкі тік етін және көз алмасының төменгі қиғаш етін жүйкелендіреді.

- Мысалы: **птоз** деген ауру кезінде көздің жоғарғы қабығын көтеретін бұлшықеттің сал болып қалуының салдарынан көздің жоғарғы қабығы салбырап, жұмылып қалуы мүмкін.



- Ал, алмасының медиалдық тік еттерінің сал болып қалуының әсерінен көз алмасының сыртқа қарай ауытқуы мүмкін. Көз қимылын жүйкенің парасимпатикалық бөлімінің сал болып қалуының салдарынан қарашықтың көлемі кеңейіп, көз жақыннан көру қабілетін жоюы мүмкін.



- Ми аяқшаларының артында жуан көлденең құрылым – көпір жатады, ол бүйір жақтарына қарай жіңішкеріп мишыққа барады. Көпірдің мишыққа ең жақын бүйір бөліктері мишықтың ортаңғы аяқшалары деп аталады. Олар мен меншікті көпірдің шекарасынан екі жағынан жұп – үшкіл жүйке шығады.



- Көпірдің артында сопақша ми – medulla oblongata – жатады; онымен көпірдің артқы жиегі арасында, орталық сызықтың бүйір жақтарында VI жұп әкететін нервтің n abducens басы көрінеді. Одан әрілеу бүйір жағында мишықтың ортаңғы аяқтарының артқы жағынан қатар тағы екі нерв: VII жұп бет нерві, n facialis және VIII жұп – кіреберіс-ұлу нерві, n Vestibulocochlearis, шығады.



- Сопақша мидың пирамидасы мен оливасы арасынан XII жұп тіласты нервiнiң n hypoglossus – түбiршiгi шығады. IX жұп, X және XI жұптардың –n. Glossopharyngeus, n. Vagus және n. Accessorius түбiршiктерi оливаның артындағы жүлгеден шығады. XI жұптың төменгi талшықтары жұлынның мойындық бөлiгiнен шығады.

